

Успен ауданы мәслихатының 2014 жылғы 28 сәуірдегі "Жекелеген санаттағы алушыларға мерекелік және атаулы күндерге әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу туралы" № 174/35 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Успен аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 ақпандағы № 231/42 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 13 наурызда № 4356 болып тіркелді. Күші жойылды – Павлодар облысы Успен аудандық мәслихатының 2021 жылғы 12 сәуірдегі № 28/3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Павлодар облысы Успен аудандық мәслихатының 12.04.2021 № 28/3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 504 қаулысына сәйкес Успен аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

Успен аудандық мәслихатының (V сайланған XXXV кезектен тыс сессиясы) 2014 жылғы 28 сәуірдегі "Жекелеген санаттағы алушыларға мерекелік және атаулы күндерге әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу туралы" № 174/35 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3775 болып тіркелген, 2014 жылдың 2 мамырдағы "Апта айнасы", 2014 жылдың 2 мамырдағы "Сельские будни" аудандық газеттерінде жарияланған) төмендегі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақта:

сегізінші абзацтағы "69 АЕК" деген сөздер мен сандар "150000 (бір жүз елу мың) теңге" деген сөздермен және сандармен ауыстырылсын;

тоғызыншы абзацтағы "(Ауғанстандағы соғыс әрекеттеріне қатысқан тұлғалардан, 1986 – 1987 жылдары Чернобыль атом электростанциясы апатының салдарын жоюға қатысқан тұлғалардан және Чернобыль атом электростанциясы (бұдан әрі – ЧАЭС) апатының салдарынан мүгедек болған тұлғалардан басқа)"

деген сөздер алынып тасталсын, "1,8" деген сандар "10" деген сандармен ауыстырылсын;

оныншы және он бірінші абзацтар алынып тасталсын;

он екінші абзацтағы "1,8" деген сандарды "5" деген цифрмен ауыстырылсын.

Осы шешімнің жүзеге асырылуын бақылау аудандық мәслихаттың экономика және бюджет жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі

Сессия төрағасы

Аудандық мәслихат хатшысы

А. Ви

Р. Бечелова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК